

Хаттама №5

Кезекті мектепшілік қамқоршылық кеңестің отырысы өтті.

«Төлесін Әлиев атындағы
№1 жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі

29.08.2025ж.

Қамқоршылық кеңес отырысына қатысқандар:

I. Комиссия төрайымы : Алиева Аккенже
Қамқоршылық кеңес мүшелері: Овезова Балкенже
Жайлыбаева Анар
Әнесова Гаухар
Корганбаева Майра
Бердибаева Аршагуль

Мектеп директоры: Жумаханов Еркасым Итибаевич
Әлеуметтік педагог: Таджибаева Сағыныш

Күн тәртібінде :

1. 2025/2026 оқу жылындағы ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларының және мүгедек балалардың акциясымен қамтамасыз етілуі және көрсетілген көмектер туралы IV тоқсан есебі.

Тыңдалды:

Алғашқы сөз қамқоршылық кеңес төрағасы Алиева Аккенже күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

I. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы С.К.Таджибаева сөз алып, 2024/2025 оқу жылындағы ата-ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларының ішінен көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан оқушыларға көрсетілген көмектер туралы мәлімдеді. Мектептің ұстазы атынан денсаулығына байланысты үйден оқитын 11 «Ә» сынып оқушысы азық-түліктермен қамтылды. Қамқорлық акциясына орай, мектебімізде «Шын жүректен» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып акциядан түскен 150000 (жүз елу мың) теңге қаржылай көмек аз қамтылған отбасынан шыққан 8 «А», 7 «В», 4 «Г» сынып оқушыларына қажетті дәрі-дәрмектерімен киімдерін алу үшін 50 мың теңгеден бөлініп берілді. 7 «Б» сынып ата-аналарынан атынан денсаулығына байланысты үйден оқитын 7 «Б» сынып оқушысына қажетті дәрі-дәрмектерін алу үшін 15000 (он бес мың) теңге қаржылай көмек көрсетілді.

2025 жылдың наурыз айының 5 күні «Дәмді тағам және біз мектепте қалай тамақтанамыз?» туралы 8 сынып оқушылары арасында сауалнама алынды. Сауалнаманың нәтижесі иә-25, жоқ-22, кейде-12, мектепте-21, күн сайын-10. 1 маусым балаларды қорғау күніне орай жеке кәсіпкер Г.Д.Аджибаеваның ұйымдастыруымен жетім, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған 4 оқушыға, ерекше білімді қажет ететін 5 оқушыға, денсаулығына байланысты үйден оқитын 4 оқушыға тәттілер үлестірілді. Мектептің Тәрбие жөніндегі

орынбасары Өтеміс Жайнамен бірлікте 4 сынып оқушылары мен мектеп жанындағы шағын орталық тәрбиеленушілеріне 1 маусым –Балаларды қорғау күні мерекесіне арналған «Әрқашан күн сөнбесін» атты іс-шарасы ұйымдастырылды. Мерекелік шарада білім алушылар арасында асфальтқа сурет салу сайысы өтті.Балаларға тәттілер таратылды.

Маусымдық лагермен

5 сыныптан 2 оқушысы 6 сыныптан 1оқушы қамтылды. Мектеп оқушылары арасында жетім ,ата-ана қамқорлығынсыз қалған , аз қамтылған отбасынан шыққан 172 оқушы мектеп жанындағы «Алақай» жазғы демалыс лагерімен қамтылғандығын айтты. Аз қамтылған отбасынан шыққан 6 «Б» сынып оқушысы «Таубұлақ» бассейніне барды.

Сөз сөйлеу:

- 1.Қамқоршылық кеңес мүшесі Әнесова Гаухар сөз алып, өз сөзінде әлеуметтік педагогтың жұмысын өте жақсы деп бағалады.
2. Қамқоршылық кеңес мүшесі Бердибаева Аршагуль жылдық жоспарда көрсетілген IV тоқсан қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік педагогы С.К.Таджибаеваның берген есебінің көңілінен шыққандығын айтты.

Комиссия отырысының шешімі:

- 1.IV тоқсан бойынша берілген есеп қанағаттанарлық деп табылсын.
2. 2025-2026 оқу жылында әр тоқсан сайын жоспар бойынша есеп беру жалғасын тапсын.

Комиссия төрайымы :
Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Хатшысы:

Алиева Аккенже
Овезова Балкенже
Жайлыбаева Анар
Әнесова Гаухар
Қорғанбаева Майра
Бердибаева Арша
Таджибаева Сағыныш